**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне иттердің ұлттық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша**

**САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**

| Р/с № | Құрылымдық элементі | Заңнамалық актінің редакциясы | Жобаның редакциясы | Ұсынылып отырған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы | Өзгерістің немесе толықтырудың авторы және оның негіздемесі | Бас комитеттің шешімі. Негіздеме (қабылданбаған жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. | Жобаның тақырыбы | Жоқ. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне **иттердің ұлттық тұқымдарын** сақтау және өсімін молайту **мәселесі** бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» | Мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне **қазақы ит тұқымдарын** сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы». | **Депутаттар Е. Т. Жаңбыршин С. Б. Мусабаев**<br><br>Қазақы тазы мен қазақы төбет атаулары еліміздің тарихы мен салт-дәстүрінде бұрыннан қалыптасқан атаулар. Мұндай атаулар ғылыми айналымдар да жиі кездеседі.<br>А.Е. Алпысбаеваның «Мағжан Жұмабаев поэзиясының үш тілдегі (түрік, орыс, ағылшын) аудармаларының лингвомәдени аспектісі» 6D020700 – | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аударма ісі мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін 2021 жылы қорғаған диссертациясында Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығында да байғыз, бөрі, көкжал, тазы, төбет тәрізді қазақ халқының дүниетанымы мен күнделікті тұрмысында ерекше орыналатын жанжануарлар әлемі деп жазылған.<br>Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жеті қазынаның бірі - қазақы тазы мен төбет тұқымдарын сақтау жұмысын қолға алуды тапсырды. | |
| 2. | Заң жобасының мәтіні | Жоқ. | Жоқ. | Заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша **«қазақ ұлттық ит тұқымдарын»** деген сөздер **«қазақы ит тұқымдарын»** деген | **Депутаттар Е. Т. Жаңбыршин С. Б. Мусабаев**<br><br>Заң жобасының тақырыбына сәйкес келтіру. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сөздермен ауыстырылсын; | | |
| **1. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы** | | | | | | |
| 3. | Жобаның 1-бабы 1-тармағының бірінші абзацы | Жоқ. | Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңына: | 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «1. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» **2004 жылғы 9 шілдедегі** Қазақстан Республикасының Заңына:»; | **Депутаттар Д. Н. Тұрғанов Ә.М. Рахымжанов**<br><br>Заң техникасы. | **Қабылданды** |
| 4. | Жобаның 1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы | Осы Заң жануарлар дүниесін қорғау, **өсімін молайту және пайдалану саласындағы** қоғамдық қатынастарды реттейді және қазіргі және келешек ұрпақтың мүдделерін ескере отырып, адамның экологиялық, экономикалық, эстетикалық және өзге де қажеттерін қанағаттандыру мақсатында жануарлар | Кіріспе «қазіргі және болашақ ұрпақтың мүдделерін ескере отырып, адамның эстетикалық және өзге де қажеттіліктерін» деген сөздерден кейін, сондай-ақ құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерді қазақтың асыл тұқымды ұлттық ит тұқымдарын сақтау, қалпына келтіру және өсімін молайтуды | 1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:<br>1) кіріспе «және пайдалану» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту» деген сөздермен толықтырылсын; | **Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті**<br><br>Заң жобасының тақырыбына сәйкес келтіру және заң жобасының мақсатын нақтылау мақсатындағы редакциялық түзету. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дүниесін, оның биологиялық сан алуандығын сақтау, жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану шарттарын қамтамасыз етуге бағытталған. | қамтамасыз етуге бағытталған.» деген сөздермен толықтырылсын.»; | | | |
| 5. | Жобаның 1-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы | Жоқ. | 1-бапта:<br>7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:<br>«7) қазақтың ұлттық ит тұқымдары - бекітілген стандартқа сәйкес келетін тазы және тобет тұқымдары;»;<br>75) тармақша «Жануарлар дүниесін қорғау, орынкты пайдалану туралы» деген сөздерден кейін, сондай-ақ қазақ ұлттық ит тұқымдарын (жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған ұйымдарынан басқа | «Құқықтық актілер туралы» Заңның 23-бабының 7-тармағына сәйкес келтірілсін, оған сәйкес қазақ тіліндегі нормативтік құқықтық актідегі терминдер мен анықтамалар алфавиттік тәртіппен орналастырылады, нормативтік құқықтық актідегі орыс тіліндегі терминдер мен анықтамалар оларды қазақ тілінде жазу тәртібіне сәйкес келуге тиіс. | **Депутаттар Д. Н. Тұрғанов Ә.М. Рахымжанов**<br><br>Заң техникасы. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | деген сөздермен толықтырылсын;»; 81) - 86) тармақшалармен мынадай мазмұнда толықтырылсын: «81) кинологиялық қызмет - иттерді үйретуге, аңшылыққа дағдылауға, айдауға және оларды практикалық пайдалануға, оның ішінде спорттық және аң аулауға өзге де даярлауға, иттерді пайдалана отырып, зоотехникалық, спорттық, көрсету және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, адамдарды иттермен жұмыс істеу дағдыларына үйретуге және ит өсіру және кинология саласындағы мамандарды даярлауға байланысты қызмет, | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ит өсіруді зерттеу және дамыту мақсатында ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу.<br>Иттерді үйрету, баулу, айдау және оларды практикалық пайдалануға өзге де дайындау деп иттерді жұмысқа тәрбиелеу және оқыту, және (немесе) аңшылық пен далалық сынақтарға даярлау деп түсіну керек;<br>82) ұлттық ит тұқымдарының асыл тұқымды питомнигі (бұдан әрі – асыл тұқымды питомник) – қазақтың асыл тұқымды ұлттық ит тұқымдарын күтіп-бағу, өсіру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға;<br>83) асыл тұқымдық куәлік - асыл тұқымды өнімнің | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | (материалдың) асыл тұқымын, өнімді және өзге де сапасын, сондай-ақ асыл тұқымды қазақтың ұлттық ит тұқымдары тұқымының тазалығын растайтын құжат;<br>84) асыл тұқымды кітап - қазақтың асыл тұқымды ұлттық ит тұқымдарының шығу тегі, тұқымы, сыртқы-конституциялық сипаттамалары, өнімділігі және өзге де қасиеттері бойынша неғұрлым құнды деректер жинағы;<br>85) асыл тұқымды қазақтың ұлттық ит тұқымы - асыл тұқымды қазақтың ұлттық ит тұқымдарының стандартына сәйкес келетін, тіркелген және өсіру үшін пайдаланылатын таза тұқымды ит; | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 86) тұқым стандарты - Қазақтың ұлттық ит тұқымдары жөніндегі қоғамдық бірлестігі бекітетін фенотиптік және өнімді көрсеткіштер бойынша асыл тұқымды қазақтың ұлттық ит тұқымдары үшін ең төмен талаптар;»; | | | |
| 6. | Жобаның 1-бабының 1-тармағы 2) тармақша-сының жаңа екінші абзацы | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>...<br>3-1) аңшы иттер – аңшылықта пайдаланылатын **иттердің ұлттық және басқа да тұқымдары;** | Жоқ. | Мынадай мазмұндағы жаңа екінші абзацпен толықтырылсын:<br>«3-1) тармақшадағы «**иттердің ұлттық және басқа да тұқымдары»** деген сөздер «**қазақы ит және басқа да ит тұқымдары»** деген сөздермен ауыстырылсын; | **Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті**<br><br>Заң жобасының ұсынылған редакциясына сәйкес келтіру. | **Қабылданды** |
| 7. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 2) тармақша-сының екінші абзацы | Жоқ. | 7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: | 1-тармақтың 2) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:<br>7) тармақша алып тасталсын; | **Депутаттар Д. Н. Тұрғанов Ә.М. Рахымжанов**<br><br>«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **«42), 43), 44) және 62-1)** тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:»; | және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі ҚР Заңының 1-бабының 42) тармақшасына ұсынылып отырған толықтыруларға байланысты. | |
| 8. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 2) тармақша-сының үшінші абзацы | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br><br>7) аңшылық иттердің ұлттық тұқымы – Қазақстан Республикасының аумағында халықтық селекциялық әдіспен алынған және әдетте әуесқойлық (спорттық) аңшылықта қолданылатын тазы, төбет тұқымы; | 7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:<br>«7) қазақтың ұлттық ит тұқымдары - бекітілген стандартқа сәйкес келетін тазы және тобет тұқымдары;»; | 1-тармақтың 2) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:<br>«63-3) қазақы ит тұқымдары –қазақы ит тұқымдарының бекітілген стандартына сәйкес келетін **қазақы тазы мен қазақы төбеттің ежелгі** тұқымдары;» | **Депутаттар**<br>**Е. Т. Жаңбыршин**<br>**С. Б. Мусабаев**<br>**Д.Н. Тұрғанов**<br>Заң жобасының атауына ұсынылған редакцияға сәйкес келтіру. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 2) тармақша-сының жаңа төртінші абзацы | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br><br>42) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган; | Жоқ. | 1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы жаңа төртінші абзацпен толықтырылсын:<br>«44) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы, **қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы** басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;»; | **Депутаттар Д.Н. Тұрғанов Ә.М. Рахымжанов**<br><br>9-баптың тақырыбының ұсынылған редакциясына сәйкес уәкілетті органның құзыретін нақтылау және кеңейту үшін. Сондай-ақ заң жобасының бүкіл мәтінінде бірыңғай терминологияны қолдану үшін. | **Қабылданды** |
| 10. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 2) тармақша-сының төртінші | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар | 75) тармақша **«Жануарлар дүниесін қорғау, орнықты пайдалану туралы»** деген сөздерден кейін, | 1-тармақтың 2) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: | **Депутат Д.Н. Тұрғанов**<br><br>Заң техникасы, заң жобасының 1 - бабы 1-тармағының 1) | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | абзацы | Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>...<br>75) уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған ұйымдары (бұдан әрі – мамандандырылған ұйымдар) – жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мекемелер және республикалық мемлекеттік кәсіпорындар; | **«сондай-ақ қазақ ұлттық ит тұқымдарын (жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған ұйымдарынан басқа»** деген сөздермен толықтырылсын;»; | **«75) уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған ұйымдары (бұдан әрі – мамандандырылған ұйымдар) – жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мекемелер және жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және тұрақты пайдалануды, сондай-ақ қазақы ит тұқымдарын сақтауды және өсімін молайтуды қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындар;»;** | тармақшасына сәйкес келтіру, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі ҚР Заңының 1-бабы 75) тармақшасының қолданыстағы редакциясымен қайшылықты жою; | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 2) тармақша-сының бесінші және алтыншы абзацтары | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br><br>81) Жоқ. | «81) кинологиялық қызмет - иттерді үйретуге, аңшылыққа дағдылауға, айдауға және оларды практикалық пайдалануға, **оның ішінде спорттық және аң аулауға** өзге де даярлауға, иттерді пайдалана отырып, зоотехникалық, спорттық, көрсету және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, адамдарды иттермен жұмыс істеу дағдыларына үйретуге және ит өсіру және кинология саласындағы мамандарды даярлауға байланысты қызмет, ит өсіруді зерттеу және дамыту мақсатында ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу. | 1-тармақтың 2) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:<br>«62-1) кинологиялық қызмет – **қазақы тұқымды иттерді үйретуге, баулуға**, айтақтауға және оларды практикалық, оның ішінде спортта және аң аулауда пайдалануға өзге де даярлауға, қазақы тұқымды иттерді пайдалана отырып, зоотехникалық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, қазақы ит тұқымдарымен жұмыс істеу бойынша сарапшыларды оқытуға және мамандарды даярлауға байланысты қызмет.<br>Қазақы тұқымды иттерді үйрету, баулу, айтақтау және оларды | **Депутат Д.Н. Тұрғанов**<br><br>Редакциялық түзету. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | практикалық пайдалануға өзге де даярлау деп қазақы тұқымды иттерді жұмысқа тәрбиелеу мен оқытуды және (немесе) аң аулауға, спортқа және далалық сынақтарға даярлауды түсінген жөн;»; | | |
| 12. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 2) тармақша-сының жаңа сегізінші абзацы | Жоқ. | Жоқ. | мынадай мазмұндағы **62-2), 63-3), 63-4), 63-5), 63-6) және** 63-7) тармақшалармен толықтырылсын: | **Депутаттар Д.Н. Тұрғанов Ә.М. Рахымжанов**<br><br>Заң техникасы. | **Қабылданды** |
| 13. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 2) тармақша-сының сегізінші абзацы | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br><br>82) Жоқ. | 82) ұлттық ит тұқымдарының асыл тұқымды питомнигі (бұдан әрі – асыл тұқымды питомник) – қазақтың асыл тұқымды ұлттық ит тұқымдарын күтіп-бағу, өсіру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын | Алып тасталсын; | **Депутаттар Д.Н. Тұрғанов Ә.М. Рахымжанов**<br><br>«Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 24-бабының 4-тармағына сәйкес заңдарда оның мәтінінде қолданылатын негізгі ұғымдар белгіленуі | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | заңды немесе жеке тұлға; | | мүмкін. Заң жобасының мәтіні бойынша «асыл тұқымды питомник» ұғымы қолданылмайды. | |
| 14. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 2) тармақша-сының тоғызыншы абзацы | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br><br>83) жоқ. | 83) асыл тұқымдық куәлік - асыл тұқымды өнімнің (материалдың) асыл тұқымын, өнімді және өзге де сапасын, сондай-ақ асыл тұқымды қазақтың ұлттық ит тұқымдары тұқымының тазалығын растайтын құжат; | **«63-6) қазақы тұқымды иттің шығу тегі туралы куәлік (бұдан әрі – шығу тегі туралы куәлік) – оның тегі туралы мәліметтер қамтылған құжат;»;** | **Депутат Д.Н. Тұрғанов**<br><br>Редакциялық түзету. | **Қабылданды** |
| 15. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 2) тармақша-сының оныншы абзацы | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br><br>84) жоқ. | 84) асыл тұқымды кітап - қазақтың асыл тұқымды ұлттық ит тұқымдарының шығу тегі, тұқымы, сыртқы-конституциялық сипаттамалары, өнімділігі және өзге де қасиеттері бойынша неғұрлым құнды деректер жинағы; | **1**-тармақтың 2) тармақшасының оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«63-5) Қазақы тұқымды иттердің бірыңғай тұқым-тегі кітабы (бұдан әрі – бірыңғай тектік кітап) – шығу тегі, тұқымдылығы, сыртқы тұрпаттық-бітімдік** | **Депутаттар Д.Н. Тұрғанов Ә.М. Рахымжанов**<br><br>Заң жобасының 1-бабы 1-тармағының 7) тармақшасының он тоғызыншы абзацына сәйкес келтіру, «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **сипаттамалары мен өзге де қасиеттері туралы мәліметтер көрсетілген қазақы тұқымды иттер туралы деректер жинағы;»;** | келтіру, редакциясын нақтылау; | |
| 16. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 2) тармақша-сының он бірінші абзацы | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br><br>85) жоқ. | 85) асыл тұқымды қазақтың ұлттық ит тұқымы - асыл тұқымды қазақтың ұлттық ит тұқымдарының стандартына сәйкес келетін, тіркелген және өсіру үшін пайдаланылатын таза тұқымды ит; | Он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«63-7) қазақы тұқымды тұқымы таза ит – қазақы ит тұқымдарының бекітілген стандартына сәйкес келетін және сол тұқымға жататын тегінің кемінде үздіксіз үш буыны туралы мәліметтер қамтылған шығу тегі туралы куәлігі бар қазақы тазы немесе қазақы төбет тұқымдас ит;»;** | **Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті**<br><br>«Қазақы ит тұқымдары» деген ұғыммен қайталауды жою мақсатында. | **Қабылданды** |
| 17. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 2) тармақша- | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар | 86) тұқым стандарты - Қазақтың ұлттық ит тұқымдары жөніндегі қоғамдық | **1**-тармақтың 2) тармақшасының он екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: | **Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | сының он екінші абзацы | Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>...<br>86) жоқ. | бірлестігі бекітетін фенотиптік және өнімді көрсеткіштер бойынша асыл тұқымды қазақтың ұлттық ит тұқымдары үшін ең төмен талаптар;»; | **«63-4) қазақы ит тұқымдарының стандарты – қазақы ит тұқымдарының сыртқы тұрпаттық-бітімдік сипаты мен пайдалану қасиеттері бойынша сипаттамасы;»;** | Редакциясын нақтылау. | |
| 18. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы жаңа 3) тармақшасы | 5-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қатынастар субъектілері<br>Жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік органдар жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қатынастар субъектілері болып табылады. | Жоқ. | Мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:<br>«3) 5-бапта:<br>«тақырып «саласындағы» деген сөзден кейін «, **сондай-ақ қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы**» деген сөздермен толықтырылсын;<br>мәтін «саласындағы» деген сөзден кейін «, **сондай-ақ қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы**» деген сөздермен толықтырылсын; | **Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті**<br>Заң жобасында иттердің ұлттық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы субъектілерді айқындау көзделеді. Оларды қолданыстағы 5-бапқа көшіру қажет деп санаймыз. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.* | | |
| 19. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 3) тармақша-сының екінші және үшінші абзацтары | 6-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану **саласын** мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері<br><br>Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласын мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері: | Бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:<br>«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ қазақтың ұлттық тазы мен төбет тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы қызметті ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері мыналар:»; | 1-тармақтың 3) тармақшасының екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:<br>«3) 6-бапта:<br>тақырыптағы **«саласын мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері»** деген сөздер **«саласындағы, сондай-ақ қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаттары»** деген сөздермен ауыстырылсын;<br>бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану **саласындағы, сондай-ақ қазақы ит** | **Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті**<br><br>6-баптың тақырыбын заң жобасының нормаларымен келтіру мақсатында.<br>Редакциясын нақтылау. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы** мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаттары:»; | | |
| 20. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 3) тармақша-сының төртінші, бесінші және алтыншы абзацтары | 6-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласын мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері<br>Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласын мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері:<br>...<br>Жоқ. | Мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:<br>«8) **қазақтың ұлттық ит тұқымдарының** сақталуын қамтамасыз ету;<br>9) **қазақтың ұлттық ит тұқымдарының** тазалығын қорғау;»; | Төртінші, бесінші және алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:**<br>**«2. Қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаттары мыналар:**<br>**1) қазақы ит тұқымдарын сақтауды және өсімін молайтуды қамтамасыз ету;**<br>**2) қазақы ит тұқымдарының таза тұқымдылығын** | **Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті**<br><br>6-бапты заң жобасының нормаларымен келтіру мақсатындағы редакциялық нақтылау. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **қорғау болып табылады.».** | | |
| 21. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы жаңа 4) тармақшасы | 6-1-бап. Жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету жүйесі<br>Жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету жүйесіне:<br>...<br>2. жоқ, | Жоқ. | Мынадай мазмұндағы жаңа 4) тармақшамен толықтырылсын:<br>«4) 6-1-бапта:<br>тақырып «орнықты пайдалануды» деген сөздерден кейін «, **қазақы ит тұқымдарын сақтауды және өсімін молайтуды»** деген сөздермен толықтырылсын;<br>бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«1. Жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету жүйесіне:»;**<br>мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:<br>**«2. Қазақы ит тұқымдарын сақтауды және өсімін** | **Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті**<br><br>Заң жобасының тақырыбына сәйкес келтіру және заң жобасын иттердің ұлттық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы субъектілерді нақтылау мақсатындағы редакциялық түзету. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **молайтуды қамтамасыз ету жүйесіне:**<br>**1) уәкілетті орган, уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері;**<br>**2) қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар;**<br>**3) Қазақы ит тұқымдарының ұлттық орталығы;**<br>**4) кинологиялық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар кіреді.».**<br><br>*Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.* | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 22. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы жаңа 5) тармақшасы | 8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және **пайдалану саласындағы** құзыреті<br><br>Қазақстан Республикасының Үкіметі:<br><br>1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және **пайдалану саласындағы** мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді; | Жоқ. | Мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:<br>«6) 8-баптың тақырыбы мен 1) тармақшасы **«саласындағы»** деген сөзден кейін **«, сондай-ақ қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы**» деген сөздермен толықтырылсын;<br><br>*Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.* | **Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті**<br><br>ҚР Үкіметінің негізгі бағыттарды әзірлеу және иттердің ұлттық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі құзыретін бекіту мақсатында. | **Қабылданды** |
| 23. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 4) тармақшасы-ның екінші және үшінші абзацтары | 9-бап. Уәкілетті органның, аумақтық бөлімшелерімен бірге ведомствосының және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын | Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:<br>«9-бап. Уәкілетті органның, аумақтық бөлімшелерімен бірге ведомствосының және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту | екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:<br>тақырып **«саласындағы»** деген сөзден кейін **«, сондай-ақ қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту** | **Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті**<br><br>Заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша терминологияны | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының құзыреті | және **пайдалану, сондай-ақ тазы және төбет ұлттық ит тұқымдары саласындағы** қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарымен құзыреті;»; | **саласындағы**» деген сөздермен толықтырылсын; | бірыңғай қолдану мақсатында. | |
| 24. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 4) тармақшасы-ның төртінші абзацы | Жоқ. | 4) 9-бап: | 1-тармақтың 4) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:<br>«4) **1-тармақтың бірінші бөлігінде:»;** | **Депутаттар Д.Н. Тұрғанов Ә. М. Рахымжанов**<br><br>Заң техникасы. | **Қабылданды** |
| 25. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 4) тармақшасы-ның жаңа бесінші абзацы | 9-бап. Уәкілетті органның, аумақтық бөлімшелерімен бірге ведомствосының және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының құзыреті | Жоқ. | 1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай мазмұндағы жаңа бесінші абзацпен толықтырылсын:<br>1) және 3) тармақшалардағы **«саласындағы», «саласында»** деген сөздер тиісінше **«саласындағы, сондай-ақ қазақы ит тұқымдарын сақтау** | **Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті**<br><br>Уәкілетті органның құзыретін заң жобасының негізгі мақсаттарымен, сондай-ақ 1-1) және 3-1) тармақшаларды алып тастауға байланысты | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1. Уәкілетті орган:<br>1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және **пайдалану саласындағы** мемлекеттік саясатты іске асырады және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;<br>...<br>3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және **пайдалану саласында** нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді; | | **және өсімін молайту саласындағы**» деген сөздермен ауыстырылсын; | нақтылау. | |
| 26. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 4) тармақшасы-ның төртінші, бесінші, алтыншы абзацтары | 9-бап. Уәкілетті органның, аумақтық бөлімшелерімен бірге ведомствосының және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының құзыреті<br>1. Уәкілетті орган: | «1-1) қазақтың ұлттық тазы және тобет ит тұқымдарын өсіру және сақтау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;<br>3-1) ұлттық ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы | Алып тасталсын; | **Депутаттар Д.Н. Тұрғанов Ә.М. Рахымжанов**<br><br>Осы тармақшалардың нормаларын 1) және 3) тармақшаларға ауыстыруға байланысты. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
